



**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ ТҰРАҚТЫ
ДАМУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕРІ
БОЙЫНША ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ МЕН
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН
МІНДЕТТІ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ АРНАЙЫ
ОҚЫТУЛАР ӨТКІЗІЛДІ**

Ясауи университеті оқытушылар құрамына және кәсіби қызметкерлерге арналған әлеуметтік тұрақты даму аспектілері бойынша міндетті жыл сайынғы арнайы оқытуды

ұсынады. Бұл оқыту тұрақты даму мақсаттарына (SDGs) сәйкес әлеуметтік жауапкершілік, инклюзия, әртүрлілік және этикалық басқару сияқты тақырыптарды қамтиды.

Оқыту бағдарламасы университеттің тұрақты даму стратегиясына сәйкес әзірленіп, академиялық және әкімшілік қызметкерлердің кәсіби дамуын арттыруға бағытталған. Курстар офлайн форматта өткізілді, сонымен қатар тренингтер, дөңгелек үстелдер, семинарлар және вебинарлар ұйымдастырылды. Солардың бірнешесіні төменде бөлісетін боламын;

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ БОЙЫНША ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ

Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен, университетіміздің 1-курс докторанттарына Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мақсаттарымен міндеттерін таныстыру және ғылыми еңбектерін жариялау кезінде Тұрақты даму мақсаттарының кілт сөздерін қолдануды көрсету бойынша дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелде Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығының директоры Т.Гаипов орталықтың даму мақсаттарына тоқталып өтті.

Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) – бұл кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға, жер шарын қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған әлемде қабылданған мақсаттар. 2030 жылға дейін 17 негізгі мақсаттар таңдалды, олардың жүзеге асырылуы елді өмірдің барлық негізгі салаларының тұрақты дамуына және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге жетелейтіндігін, сонымен қатар докторанттар диссертациялық жұмыстарын және ғылыми еңбектерін «Тұрақты даму мақсаттарына» байланыстыра отырып жазу, кілт сөздерін қолдану жайында 1-курс докторанттарына айтып өтті.

Алдағы уақытта докторанттар диссертациялық тақырыптарын «Тұрақты дамудың мақсаттарымен» байланыстыра жазуға, орталықпен тығыз жұмыс атқаруға келісті. Толығырақ сілтемеден көре аласыз: <https://ayu.edu.kz/kz/haberler/332>





ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР ӨТТІ

Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Экономика, басқару және құқық факультетінің қызметкерлеріне Тұрақты даму мақсаттары бойынша ғылыми семинар өтті.

Семинар – Тұрақты даму мақсаттарының: «Кедейлікті жою», «Лайықты жұмыс пен экономикалық өсу», «Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар», «Тұрақты даму үшін серіктестік» тақырыптары аясында жүргізілді.

Басты мақсат – қатысушыларға Тұрақты даму мақсаттары мен бағыттарын түсіндіру. Факультет қызметкерлерінің ғылыми жұмыстарын және ғылыми еңбектерін «Тұрақты даму мақсаттарына» байланыстыра отырып жазу, кілт сөздерді қолдануды көрсету.

Айта кетейік, оқу ордамыздың Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығы – ғылыми зерттеулер мен жобалар арқылы тұрақты даму мақсаттарын басым мәселе ретінде қарастыру арқылы білім өндіру және әлеуметтік трансформацияны қолдауға бағытталған. Іс-шара барысында қызметкерлерге әр тақырыптың өзектілігі мен маңызы туралы тың ақпараттар берілді. Қатысушылар ғылыми жұмыстар мен ғылыми еңбек жазу барысында Тұрақты даму мақсаттарының жоғарыда аталған бағыттарымен жұмыс істеуді үйренді. Жиын соңында қатысушылар өздерін толғандырған сауалдарға жауап алды. Сонымен қатар, өзара пікір алмасып, ойларын ортаға салды. Толығырақ сілтемеден көре аласыз: <https://ayu.edu.kz/kz/haberler/387>



**Тұрақты даму ғылыми-зерттеу
орталығының директоры**



Т.Гаипов